

Тақырып 1. Бұлттық технологиялар. Жалпы түсінік

Жоспар:

1.1 Бұлттық технологияға кіріспе

1.2 Бұлттық технологиялардың артықшылығы мен кемшілігі

1.3 Google сервистері

Мақсаты: Студенттерді бұлттық есептеудің базалық түсінігімен таныстыру.

Кілттік сөздер: бұлттық технологиялар, сенімділік, қызмет көрсету, қол жетімділік және мобильділік, үнемділік, жалға алу, икемділік.

Қолданылған әдебиет

1. <http://efsol.ru/technology/cloud-technology.html>
2. Чуновкин Ф. Д. Разработка среды для облачных вычислений. – СПб, 2012. – 64с.
3. Клементьев И.П., Устинова В.А. Введение в облачные вычисления.- Екатеринбург: Уральский госуниверситет, 2010,-173 с.
4. Глазунов С. Бизнес в облаках. Чем полезны облачные технологии для предпринимателя. 2013.
5. <http://www.google.kz/int1/ru/about/product/>

1.1 Бұлттық технологияларға кіріспе

Бұлттық технологиялар – аппараттық, бағдарламалық құрылғылар біріктірілген және Интернет қолданушыларының қолдауы көрсетілген әртүрлі форматтағы ақпаратты өңдеуге және сақтауға ыңғайлы орта. Бұлттық технологияның артықшылығы – бұл ауқымдылығы, яғни географиямен аппаратты платформаға байланысы жоқ, кез келген интернетке қосылған құрылғыдан жұмыс жасауға болады.

Бүгінгі күнде Google, Microsoft, Amazon-ның ашық үлкен бұлттары кең танымал [1]. Бүкіл әлемге танымал өнімдері:

- Google App Engine;
- Microsoft Windows Azure;
- Amazon Elastic Compute Cloud (AmazonEC2) [2], Simple Storage Service (S3) [3].

1.2 Бұлттық технологиялардың артықшылығы

Сенімділік

Бұлттық техногиялардың қолданушысына шектеуі жоқ және келген сұранысқа байланысты оперативті кеңейтілітін техникалық ресурстар беріледі.
24/7 Қызмет көрсету

Бұлттың концепциясына байланысты, функционалдауы мен қолданушының қолдауы тәулік бойы режимде жүзеге асады.

Қолжетімділік және мобилділік

Бұлттан Ақпаратқа интернет қосылған кез келген құрылғыдан қол жетуге болады.

Экономдылық

Сервер, кондиционер бағдарламалық қамтамасыздандыруға лицензияны сатып алуға, сол сияқты ИТ маманының қызмет көрсетуі қажет емес.

Жалға алушылық

Қолданушы тек қолданылған ақылы қызмет саны үшін төлейді.


Кемшілігі

Ричард Столлманның айтуы бойынша, Қолданушының ақпараты виртуалды бағдарламалық қамтамасыздандыруда қолданған уақытында автоматты түрде виртуалды БҚ-дың өңдеушісінің қолына түседі. Берілгендердің сыртқы және ішкі корпоратив жеткізушінің бұлттық серверлерімен интеграциясында қателіктер бар.


Мамандар берілгендерді қадағалай алмау мәселесінде сілтейді. Қолданушы қалдырған ақпаратты провайдер оның қалауынсыз сақтай алады. Осыған орай ол ақпаратты қолданушы не өзгерте, не жоя да алмайды. Жоғарыда көрсетілген проблемаларға қарамастан, мамандар бұлттық технологияларды артықшылығы кемшіліктерінен асып түседі деген ойда қалып отыр [4, 5].

1.3 Google сервистері

Google сервистері келесі терезеде бейнеленген:



Тағы батырмасы арқылы басқа сервиске өтеміз



Google басқа қызметтері керекті басқа сервистерге жол береді

Google қызметтері	Интернет	Бизнес үшін
	Веб-іздеу web-беттерде ақпаратты іздеу GoogleChrome	AdSense Онлайн режимде интернеттегі бизнес AdMob

	Ыңғайлы браузер <i>Белгілер</i> Белгі қою	Табыс табу үшін өз бағдарламанды құру
Мультимедиа <i>Кітаптар</i> Текстік іздеу мен кітапхана <i>Суреттер іздеу</i> Интернетте сурет іздеу <i>Жаңалықтар</i> Соңғы оқиғалар <i>Видео іздеу</i> Интернеттегі видео	Әдейіленген іздеу <i>Қолданушы іздеуі</i> Өз іздеу жүйесін өңдеу <i>Академия</i> Ғылыми мақалаларды іздеу <i>Трендтер</i> Басқа елдер үшін іздеу сұраныстарының танымалдылығының динамикалық анализі	Карталар <i>Карталар</i> Маршрутты анықтау үшін Карталармен танысу <i>Жер планетасы</i> Дүние жүзін компьютер арқылы білу
Мобилді құрылғыларға <i>Мобилді құрылғылар үшін</i> Мобилді телефондағы Google <i>Мобилді құрылғы үшін карталар</i> Телефон арқылы маршрутты анықтау үшін картамен танысу <i>Мобильді құрылғылар үшін іздеу</i> Телефон үшін Google-іздеу	Әлеуметтік желілер <i>Google+</i> Достармен байланыс үшін жаңа формат <i>Blogger</i> Ақпараттың тез және тегін таралуы <i>Tonmap</i> Талқылау тобы мен жіберілім тізімін құру <i>Hangouts</i> Шексіз тегін байланыс	Инновациялар <i>Code</i> Бағдарламалаушыға API, құрылғы және ресурстар
Кеңсе және үй үшін <i>Gmail:</i> Спамнан қорғану және тез іздеу мүмкіндігі бар пошталық жүйе. <i>Диск:</i> Ақпаратты сақтауға және басқа қолданушыларға оны өңдеуге мүмкіндік беру үшін. <i>Құжаттар:</i> Қазіргі уақыт режимінде басқа қолданушылармен бірге құжат құру және өңдеу. <i>Кестелер:</i> Кестені құру және оны басқа қолданушылармен бірге өңдеу. <i>Презентациялар:</i> Презентация құру, өңдеу және қарау. <i>Пішімдер:</i> Интернетте сауалнама жүргізу үшін анкета құру. <i>Суреттер:</i> Диаграмма және блок-сұлба құру. <i>Сайттар:</i> Web-сайттарды құру. <i>күнтізбе:</i> Достармен мереке жеткізу үшін уақытты жоспарлау. <i>Аудармашы:</i> Тексттерді және веб-беттерді әр түрлі әлем тілдеріне аудару.		

Бақылау сұрақтары

1. Бұлттық технологияларға анықтама беру.
2. Бұлттық технологияның артықшылығы мен кемшілігін атаңыз.

